

Арзаева М.Ж.
**Қазақстанда жалпыға бірдей
декларациялау енгізудің
объективтік қажеттігі**

Соңғы уақытта азаматтардың табыстары мен мүліктерін декларациялау мәселесі кеңінен талқыланып жүрген тақырыптардың бірі. Жалпы бірдей декларациялаудың енгізілуінің басты мақсаты экономиканың көлеңкелі секторының көлемін қысқарту болып танылады. Сонымен бірге жалпыға бірдей декларациялаудың енгізілуі бір жағынан жеке тұлғалардан алынатын табыс салығының толықтылығы мен мерзімділігін жаппай қадағалауға, екінші жағынан заңсыз табыс мөлшерін айқындауға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде Қазақстанда жеке тұлғалардың табыстар мен мүліктеріне салынатын салық ставкасы төмен пайызының қолданылуына қарамастан, салықтан жалтару фактілері тыйылар емес. Осы орайда қандай да бір салық жеңілдігін бергеннен гөрі, жеке тұлғаның өзіне немесе жеке тұлғаның кейбір шығындарын өтеу бойынша заңды тұлғаның шығындарын шегерімге енгізуге рұқсат беру әлдеқайда тиімдірек болып табылады.

Демек, ел Үкіметі осындай жол арқылы азаматтардың (жеке тұлғалардың) салық декларациясында келтірілген мәліметтері арқылы нақты табыстарын бақылауды мақсат етіп отыр. 2017 жылдан бастап мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұлттық компаниялардың жұмыскерлері 2020 жылдан барлық тұрғындар жаңа форматта табыстары мен мүліктері туралы декларацияны алғашқылардың бірі болып тапсырмақшы.

Түйін сөздер: салық салу, жеке тұлға, табыс, мүлік, декларация.

Arzayeva M.Zh.
**The objective necessity of
the introduction of universal
declaration in Kazakhstan**

Recently, one of the topics under discussion is the introduction of universal declaration of income and property of citizens. Its main goal is to reduce the volume of the shadow economy. As well as the introduction of universal declaration of income, on the one hand, provide an opportunity to catch-all controls over the completeness and timeliness of payment of taxes from the population. On the other, it will allow to identify the illegal income. Currently, the presence in Kazakhstan sufficiently low tax rates on property and income of the population extent of tax evasion are big enough. In this regard, more effective is to provide tax deductions to the taxpayer than the provision of benefits or assignment to deduct the costs of the legal entity to compensate for the individual employee spending.

The government thus hopes to provide comprehensive control over the reflection of the actual incomes of citizens (natural persons) in their tax returns. Since 2017 government employees, employees of state-owned enterprises and national companies will first provide a declaration of income and assets in the new format, and from 2020 – the whole population.

Key words: taxation, individual person, income, property, declaration.

Арзаева М.Ж.
**Объективная необходимость
введения всеобщего
декларирования в Казахстане**

В последнее время одной из обсуждаемых тем является введение всеобщего декларирования доходов и имущества граждан. Ее основной целью является сокращение объемов теневого сектора экономики, а также введение всеобщего декларирования доходов, которые, с одной стороны, обеспечит возможность всеобъемлющего контроля за полнотой и своевременностью уплаты налогов с населения. С другой – это позволит выявить нелегальные доходы. В настоящее время при наличии в Казахстане достаточно низких налоговых ставок на доходы и имущество населения масштабы уклонения от уплаты налогов остаются достаточно большими. В связи с этим более эффективным является предоставление налоговых вычетов налогоплательщику, чем предоставление льгот, либо отнесение на вычеты расходов юридического лица по компенсации отдельных расходов работника.

Правительство, таким образом, надеется обеспечить всеобъемлющий контроль над отражением фактических доходов граждан (физических лиц) в их налоговых декларациях. С 2017 года государственные служащие, работники государственных предприятий и национальных компаний начнут первыми предоставлять декларацию о доходах и имуществе в новом формате, а с 2020 года – все население.

Ключевые слова: налогообложение, физическое лицо, доход, имущество, декларация.

**ҚАЗАҚСТАНДА
ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ
ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ
ЕНГІЗУДІҢ
ОБЪЕКТИВТІК
ҚАЖЕТТІГІ**

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2005 жылдың 30 қыркүйегіндегі №969 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің «2005-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономика көлемін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастырушылық шаралардың негізгі бағыттары» Бағдарламасына сәйкес экономиканың көлеңкелі секторының көлемін қысқарту мақсатында салықтық әкімшіліктендіру саласындағы негізгі іс-шаралардың бірі ретінде жеке тұлғалардың табысын жалпыға бірдей декларациялауға кезеңдеп өту қарастырылған және Қазақстан Республикасының азаматтары мен мекендеу қағазы бар тұлғалардың табыстары мен мүліктерін жалпыға бірдей декларациялауға өту Тұжырымдамасы әзірленді. Тұжырымдамада жалпыға бірдей декларациялаудың мақсаттары, міндеттері, кезеңдері, сондай-ақ негізгі бағыттары мен механизмдері қамтылған [1].

Ұлт Жоспары – 100 нақты қадамды жүзеге асыруға бағытталған бес институционалдық бағдарламаның 42 қадамын 2017 жылдың 1 қаңтарынан мемлекеттік қызметкерлер үшін, одан әрі барлық азаматтар үшін кірісті және шығысты жалпы жариялауды кезең-кезеңмен енгізу келтірілген. Осы қадамды жүзеге асыру аясында 18.11.2015 ж. «Жеке тұлғалардың мүліктері мен табыстарын декларациялау мәселелері жөніндегі ҚР-ның жекелеген заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңы қабылданды. Аталмыш Заңда жалпыға міндетті декларация тапсырудың кезеңдік енгізілу тәртібі бекітілді [3].

Жалпыға бірдей декларациялауға өту мақсаты – көлеңкелі экономикамен және жемқорлық көрсеткіштерімен күресу үшін жеке тұлғалардың табыстары мен мүліктерін тиімді қадағалау жүйесін құру, сондай-ақ салықтарды және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдерді жинауды қамтамасыз етуде мемлекет рөлін күшейту болып табылады.

Жалпыға бірдей декларациялауға өтуді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерге келесілер жатады:

- жалпыға бірдей декларациялауды енгізудің әдістемелік негіздерін әзірлеу және оларды заңнамалық қамтамасыз ету;
- мемлекеттік органдарды жеке тұлғалардың декларацияларын қабылдау және өңдеуге дайындау жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

– табыстар мен мүліктерді декларациялаудың халық үшін барынша ыңғайлы тәртібін құру;

– жалпыға бірдей декларациялауға өту мәселелері туралы халықты кең ауқымды ақпараттандыру;

– жеке тұлғалардың декларацияларын камералды бақылаудың тиімді жүйесін құру.

Қазіргі кездегі қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардан жеке табыс салығы мынадай екі объект бойынша салынады:

– төлем көзінен салық салынатын табыс;

– төлем көзінен салық салынбайтын табыс [4].

Әрине, еліміздің салық жүйесінің қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде әрі азаматтарда жалдамалы жұмыскер ретінде негізінен еңбекақы түрінде ғана табысы болғандықтан жеке табыс салығының тек төлем көзінен салынуы заңдылық болды. Нарықтық қатынастардың дамуы барысында жекелеген жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынбайтын табыстары туындады. Нәтижесінде қазіргі кездегі қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес, жеке табыс салығы бойынша декларация тапсыру міндеті мына тұлғалараға жүктелген:

– жеке кәсіпкерлер;

– жеке нотариустар, жеке сот орындаушылар, адвокаттар, кәсіби медиаторлар;

– мүліктік табысы бар жеке тұлғалар;

– басқа да табыстары, оның ішінде Қазақстаннан тыс жерде табысы бар жеке тұлғалар;

– Қазақстаннан тыс жердегі шетел банктөрінде шоттары бар жеке тұлғалар;

– ҚР Парламентінің депутаттары, соттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық-құқықтық актілеріне сай декларация тапсыру міндеті жүктелген өзге жеке тұлғалар.

2017 жылдан бастап күшін енетін заңнамаға сай, жалпыға бірдей декларациялау екі кезеңде өтпекші. Бірінші кезеңде, яғни 2017 жылдан бастап мемлекеттік мекеме қызметкерлері, ұлттық компанияның лауазымды тұлғалары осы жүйеге өтеді. 2020 жылдан бастап жүргізілетін екінші кезеңде барлық жеке тұлғалар қамтылады.

Декларацияны еліміздің кәмелетке толған барлық азаматтары, оралмандар, кәмелетке толмағандар (егер атына мүлік тіркелген болса, баланың заңды өкілдері декларация тапсыруға міндетті), сонымен бірге Қазақстан Республикасы аумағындағы мүліктері мен салық салынатын табысы бар шетелдік тұлғалар жыл сайын тапсырады.

Декларациялау жүйесі декларацияның екі түрін қамтиды:

Біріншісі – «активтер мен міндеттемелер декларациясы» атты «кіріс» декларациясында

салық төлеуші жеке тұлғаның Қазақстандағы және оның аумағынан тыс жердегі мынадай мәліметтері көрсетіледі:

– жылжымайтын мүліктер (құрылыстар);

– банк шотындағы және қолма-қол ақша сомасы;

– дебиторлық және кредиторлық қарыз мөлшері; т.б.

Активтер мен міндеттемелер декларациясы мынадай түрлерге жіктеледі:

а) бастапқы – декларация ұсыну міндеті анықталған сәтте активтер мен міндеттемелер туралы алғашқы тапсырылған декларация;

ә) кезекті – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сай, активтер мен міндеттемелер туралы алғашқы декларация тапсырылғаннан кейін ұсынылатын декларация; б) қосымша – осыған дейін ұсынылған декларациядағы мәліметке өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде тапсырылатын декларация;

в) хабарлама бойынша қосымша – камералды бақылау нәтижесінде салық органы бұзушылықтар анықтаған жағдайда активтер мен міндеттемелер туралы ұсынатын декларациясы.

Екіншісі – «Табыстар мен мүліктер туралы декларация» жеке тұлғаның мынадай ақпараттарын сипаттауға бағытталған:

– төлем көзінен салық салынатын табысы;

– төлем көзінен салық салынбайтын табысы;

– салық салудан босатылған табысы; т.б.

Табыстар мен мүліктер туралы жеке тұлғаның келесі кезекті декларацияларында иелігіне өткен не алынып тасталған табысары мен мүліктері, мүлік алуға кеткен шығын мөлшері мен оны қаржыландыру көзі көрсетіліп отырады.

Тек еңбекақы не зейнетақы түрінде ғана табысы бар әрі мемлекеттік қызметкер, депутат, сот, өзін-өзі жұмыспен қамтитын тұлға болып танылмайтын жеке тұлғаларға декларацияның бір парақтан тұратын оңайлатылған нұсқасын тапсыру мүмкіндігі қарастырылған.

Қазіргі кездегі қолданыстағы салық заңнамасында минималды еңбекақы мөлшері, міндетті және ерікті зейнетақы аударымдары, жинақтаушы сақтандыру келісім шарты бойынша сақтандыру сыйақы сомасы, тұрғын үй құрылыс жинақ банкі алдындағы қарыздарын өтеуге бағытталған сома, косметологиялық басқа медициналық қызмет ақысын төлеуге жұмсалған шығындар бойынша шегерім жасауға рұқсат берілген [4]. 2017 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап осы аталғандарға қоса, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, ерікті медициналық сақтандыру, көп балалы отбасылар үшін – оқыту шығында-

ры, Қазақстанның кез-келген банкінен алынған ипотекалық несиені өтеу шығандарын да шегерімге енгізуге рұқсат берілген.

Қазақстандық сарапшылардың пікірінше, аталған салық шегерімдерін енгізу нәтижесінде ЖТС бойынша жоғалтулар 33 млрд. теңгеден асуы немесе жалпы ЖТС бойынша түсімдердің жалпы сомасының 7,6%-ын құрауы мүмкін.

Декларация қағаз нұсқасында есепті жылдан кейінгі жылдың 15 шілдесінен кешіктірілмей, электрондық нұсқасы есепті жылдан кейінгі жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей тапсырылуы тиіс.

Шетелдік тәжірибеде жеке тұлғалардың табысы туралы декларация банкке клиенттің төлем қабілеттігін растау үшін қажетті құжаттар санатында қарастырылады. Бұл өз кезегінде қарыз алушының несие қабілетін талдау, қолма-қолсыз ақша айналысы, жалған банкроттық тәрізді жекелеген мәселелерді қадағалауға мүмкіндік береді [5].

Жалпыға бірдей декларациялауға өту келесілерге оңтайлы әсер етеді деп күтілуде:

- көлеңкелі экономика көлемін қысқартуға;
- салық төлеушілер санын жүйелеуге және арттыруға;

- салықтан жалтарудың алдын алуға;
- мемлекеттік органдарда жемқорлық деңгейін төмендетуге;

- салық базасының кеңеюіне және бюджетке жеке табыс салығы бойынша түсімдердің ұлғаюына;

- қылмыстық зерттеулердің тиімділігіне;

Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің салықтық мәдениетін көтеруге.

Сонымен бірге уәкілетті мемлекеттік органдардың болжамдары бойынша жалпыға бірдей декларациялауды енгізудің нәтижесінде бюджетке ЖТС бойынша түсімдер кемінде 10%-ға өседі.

Демек, Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялауға өту уақыт талабына сай объективтік қажеттіктен туындап отыр.

Әдебиеттер

- 1 «ҚР азаматтары мен мекендеу қағазы бар тұлғалардың табыстары мен мүліктерін жалпыға бірдей декларациялауға өту Тұжырымдамасы және ҚР азаматтары мен мекендеу қағазы бар тұлғалардың табыстары мен мүліктерін жалпыға бірдей декларациялауға өту бойынша іс-шаралар Жоспарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің №975 қаулысы. 23.09.2010.
- 2 Назарбаев Н. «Ұлт жоспары – нақты 100 қадам», <http://www.akorda.kz>
- 3 Закон РК «О внесении изменений по вопросам декларирования доходов и имущества физических лиц» от 18.11.2015
- 4 ҚР Салық Кодексі, 01.01.2016 ж. жағдай бойынша.
- 5 Тусупбеков М.Б., т.б. О внедрении в Республике Казахстан всеобщего декларирования доходов и имущества [Электрон. ресурс] // G-Global – 26.07.2013 – URL: <http://www.group-global.org/>

References

- 1 «KR azamattari men mekendeu kagazi bar tulgalardin tabistari men mulikterin zhalpiga birdei deklarasiialauga otu tuzhirimdamsi zhane KR azamattari men mekendeu kagazi bar tulgalardin tabistari men mulikterin zhalpiga birdei deklarasiialauga otu boinsha is-sharalar zhosparin bekitu turali» KR Ukimetinin №975 kaulisi, 23.09.2010.
- 2 Nazarbayev N. «Ult zhospari- nakti 100 kadam», <http://www.akorda.kz>
- 3 Zakon RK «O vnesenii izmenenii po voprosam deklarirovanii dohodov i imushestva phizisheskih lis», 18.11.2015.
- 4 KR Salyk Kodeksi, na 01.01.2016.
- 5 Tusupbekov M.B., t.b. O vnedrenii v RK vseobshego deklarirovanii dohodov i imushestva [e-resource] // G-Global – 26.07.2013 – URL: <http://www.group-global.org/>